

М.Е. Советханова<sup>1</sup>, А.Ж. Едигенова<sup>2</sup>

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: madik-ledi@mail.ru)

## Оқыту және тәрбиелеу теориясындағы тұлғаның «Мен»-тұжырымдамасының құрылымдық компоненттеріне теориялық талдау

Мақалада оқыту және тәрбиелеу теориясындағы «Мен»-тұжырымдамасына теориялық талдау жасалған және оның құрылымдық компоненттерінің сипаттамасы жүйеленген. «Мен»-тұжырымдамасының құрылымдық компоненттерін қарастыра отыра, психологиялық ғылымдардағы тұлғаға берілген сипаттамалар, жалпы адам, индивид, даралық мәселелесі оқыту және тәрбиелеу контекстінде қозғалған. Себебі, қазіргі автоматтандырылған, техникаландырылған және жедел қарқынмен белсенді дамып отырған заманауи қоғамда тұлғаға қатысты сұрақтар аса көкейкесті болып отыр, оның маңыздылығы күннен-күнге арта түсуде. Бұл оқыту және тәрбиелеу мәселесінде «Мен»-тұжырымдамасының құрылымдық компоненттерінің теориялық негіздерін терең түсінудің және білудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Алыс және жақын шетел психологиясындағы жеке адамды зерттеп білудің әртүрлі бағыттарына қазіргі әдебиеттерде берілген мәліметтерге де қысқаша шолу берілген. «Мен»-тұжырымдамасының авторы болып саналатын ағылшын ғалымы Р.Бернстің еңбегіне талдау жасалған. Оқыту және тәрбиелеу тұрғысындағы «Мен»-тұжырымдамасының құрылымынан орын алатын қызығушылық, қажеттілік, дүниетаным, мұрат, сенім, көзқарас, ниет, белсенділік, талғам тағы басқа компоненттерге адамтану туралы ғылымдарда берілген анықтамалар жүйеленіп, сараланған. «Мен»-тұжырымдамасының құрылымдық компоненттерін кеңінен қарастыру мақсатында психологиялық, философиялық сөздіктердегі осы түсініктерге берілген анықтамалар сипатталып, талдау жасалған. Осылайша, мақалада «Мен»-тұжырымдамасының адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы маңызы ашылған және оның көпқырлы компоненттері қарастырылған.

*Кілт сөздер:* оқыту және тәрбиелеу процесі, «Мен»-тұжырымдамасы, адам, тұлға, іс-әрекет, құрылымдық компоненттер, даму, теория.

### *Кіріспе*

Адам — абсолютті құндылық, жоғары субстанция, «барлық танымның өлшемі». Біздің мемлекетіміздің ең жоғары құндылығы — адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы. Қазіргі жағдайда адам дамуы зерттеу объектісі ретінде ғана емес, алдымен, аса маңызды мәдени үлгілер жасаушы және өзінің ынтасымен шығармашылыққа ұмтылушы, шығармашылық және таным субъектісі ретінде ұсынылады.

Жалпы адам туралы, оның өткен тарихы, бүгінгі және келешегі туралы барлық деректерде жазылған. Дей тұрғанмен адамның өзі туралы, адамзат туралы білуге деген талпынысы ұлан-ғайыр. Гуманитарлық ғылым өкілдерінің: философтар, әлеуметтанушылар, психологтар, генетиктер, әдебиет, өнер өкілдері, педагогикалық ғылымдар өкілдерінің әлі де адамның болмысын тереңнен зерттеп ашуға, тұлғаның өмірлік қалыптасу заңдылықтарын түсінуге, оның қазіргісін, болашағын білуге деген құлшыныстары арта түсуде. Сонымен қатар, бұл сұрақтар әр қырынан қойылуда.

Бүгінгі күні де оқыту және тәрбиелеу тұрғысында тұлғаны әр қырынан зерттеу мәселесі көкейкесті болып табылады, өзгермелі қоғамда әлі ол күн тәртібінде тұр. Біз қарастырып отырған «Мен»-тұжырымдамасының құрылымдық компоненттерін жүйелеу және сипаттау, талдау, тұлғаға қатысты аса маңызды сұрақтардың бірі. Жоғарыда айтып өткендей тұлғаға қатысты сұрақтар өте ертеден-ақ зерттеліп келгенімен, әлі қарастыратын оқытуда теориялық, тәрбиелік, практикалық мәселелер бар, әсіресе қазіргі ХХІ ғасырда, тұлғаға жағымды, жағымсызы бар, сыртқы және ішкі ықпалдардың әсері айрықша көрініп тұрғанда аса қажет. Сол себепті мұндай зерттеулер жүргізілуі керек, онсыз қазіргі қоғамда болып жатқан көптеген келеңсіз жайттардың себеп-салдарын түсіну мүмкін емес болып отыр. Қандай болмасын құбылыстың табиғатын түсіну үшін ең әуелі оның

теориялық-әдіснамалық негіздері терең қарастырылып, талдануы қажет, ол алдағы жүргізілетін зерттеуге негіз болады.

Осы жоғары да баяндалғандар аталмыш мәселенің қазіргі уақыттағы қажеттілігі мен маңыздылығын көрсетеді.

### *Негізгі бөлім*

Тұлға — бұл саналы тіршілік иесі, өзінің өмір жолын өзі таңдайды, оның қоғамдағы рөлі қоғамдық қатынастардың ықпалында болып, соған сәйкес көрініп отырады. Демек, әр тұлғаның тұлғалық қалыптасуы оның оқыту және тәрбиеленуіне, өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасының мазмұнына, өмірде белсенділік танытуына байланысты болып келеді. Сонымен қатар, тұлға психологиясына ол мүше болған әлеуметтік топтың психологиясы да әсер етеді. Әлбетте, бұл арада адамдар арасындағы қарым-қатынас сөз болады. Қарым-қатынаста адамдар арасында өзара ықпалдасу болады, соның нәтижесінде басқаларға деген көзқарас орнығады. Яғни, адам қарым-қатынаста неғұрлым белсенді болса, соғұрлым рухани бай болады. Дегенмен, адамға басқалардың ықпалы әртүрлі болуы мүмкін, бұл оның даралық ерекшеліктеріне, тәрбиеге де байланысты көрінеді.

Қазіргі уақытта оқыту және тәрбиелеу теориясында жеке адамды зерттеп білудің әртүрлі бағыттары тараған: мәселен: биогенетикалық бағыт — жеке адамның дамуының негізіне организмнің жетілуінің биологиялық процестерін жатқызады; биогенетикалық бағыттың 2-ші нұсқасын немістің «конституциялық психологиясының» өкілдері ұсынды. Э.Кречмер — ол адамдардың дене типінің арасында бір байланыс болуы керек деді. Бұл әсіресе З.Фрейд еңбектерінен орын алды. Оның айналасына адамның барлық қылықтары санасыз биологиялық әуестенумен байланысты ең әуелі сексуалдық әуестену. Биогенетикалыққа қарама-қарсы социогенетикалық теория болады. Ол жеке адамның ерекшеліктерін қоғамдағы жағдаймен, әлеуметтену қоршаған адамдармен өзара қатынастары арқылы түсіндіруге талпынды. Яғни, әлеуметтену теориясы бойынша адамның биологиялық тіршілік иесі болып туа отырып, жеке адам болып тек өмірдің әлеуметтік жағдайларынан қалыптасады. Осыған орай, оқыту және тәрбиелеу мәселесі ерекше орын алатын сөзсіз. Осындағы тағы бір бағыт «Үйрену теориясы» (Э.Торндайк, Б.Скиннер т.б.). Бұл бойынша жеке адамның өмірі, оның қатынастары — үйрену нәтижелері, білім, дағдыларының меңгерілуі. Психогенетикалық бағыт — ол биологиялық та ортаның рөлін жоққа шығармайды, бірақ олар алдыңғы орынға психологиялық процестер дамуын жатқызады. Оның өзі үш бағытта: Психодинамикалық (Э.Эриксон) — ол жеке адамның қылықтары: эмоциясы, әуестенуі және басқа да психиканың компоненттерімен түсіндірілді. Когнитивтік (Ж.Пиаже т.б.) — интеллектінің танымдық жақтарының дамуына мән береді. Персоналдық (Э.Шпрангер, К.Бюлер, А.Маслоу). Орталық назарда жеке адамның дамуы тұтастай алынады. Ал кеңес одағы психологиясы — тек биологиялық жетілу нәтижесі емес, ол қоршаған ортамен белсенді өзара әрекет етуші субъект, сол арқылы ол өздерінің жеке қасиеттерін қалыптастырады (Л.С. Выготский, П.П. Блонский, С.Л. Рубинштейн т.б.) [1; 26].

Осыларға сүйенсек, тұлға — қоғамда белгілі бір жағдайға ие және белгілі бір қоғамдық рөл атқаратын саналы индивид. Қоғамдық рөлі дегенде оның атқаратын әлеуметтік қызметін айтсақ болады. Бірақ тұлғаның қоғамдық рөлін оның психологиясын білмей тұрып түсіну мүмкін емес, сондықтан біз ең әуелі тұлғаның психологиялық құрылымына тоқталамыз.

Оқыту және тәрбиелеу әдіснамалық мәселесінде тұлғаның психологиялық құрылымының негізгі компоненттерін отандық психолог-ғалым Қ.Жарықбаев өз еңбектерінде келесідей бөліп сипаттайды: оның бірінші компоненті тұлғаның бағыттылығын, жалпы болмысқа қатынасын сипаттайды. Бағыттылық әр алуан қасиеттерден, өзара байланысты қажеттіліктер мен мүдделерден, күнделікті туындайтын пиғыл-әрекеттер жүйесінен тұрады. Жеке адамның бойындағы қалыптасқан бағыттылық онымен байланысты қабылдаулар мен эмоциялар реакциялардың таңдалып алынуына әкеліп соғады. Міне, сондықтан да адам болмыстың қажеттілігіне, мүддесіне және бағдарына байланысты өзі көргісі келетін жайттарды ғана аңғарады.

Тұлғаның психологиялық құрылымының екінші компонентін оның мүмкіншіліктері құрайды, сонымен қатар оның іс-әрекеттерінің табысты болуын қамтамасыз ететін қабілеттілік жүйесін қамтиды. Ал үшінші компонентін мінез сипаттайды. Мінез — адамның жеке ерекшеліктерінің бірі, дегенмен ол адамды толық сипаттай алмайды, бірақ бірқатар ерекшеліктерінің күрделі жүйесін құрайды. Енді осы компоненттердің ішінде басымдылыққа ие болып тұрғаны ол «Мен» жүйесі, ол өзін-өзі реттеу қызметін атқарады, яғни іс-әрекеттерінің сипаты (белсенді немесе әлсіз болуы), өзін-өзі бақылауы және т.б. Сондай-ақ, оның құрамында психикалық процестер мен күйде болуы керек

дейді, олар болмаса онда психикалық құрылым толық болмайды деп көрсетеді. Бұл тұжырыммен келісуге болады деп ойлаймыз. Себебі, барлық сипатталған психологиялық құрылым компоненттері тұлғаның толыққанды болмысын сипаттайды.

Теориялық психология саласындағы «Мен»-тұжырымдамасы туралы алғашқы жұмыстар Джемс, Кули, Мид, К.Роджерс еңбектерінде [2; 47–52].

Адамтану мәселесін оқыту және тәрбиелеу теориясы тұрғысынан түсінудегі ғылыми жұмыстардың қатарына көптеген авторлар ағылшын ғалымы Р.Бернстің «Развитие Я-концепции и воспитание» еңбегін жатқызады. Бұл еңбек адамның Мен-тұжырымдамасының құрылымын, яғни ол қалай дамиды, оның өмірінде ол қандай рөл атқарады, жастық дамудың әр кезеңінде тәрбиелеу мүмкіндіктері қандай, міне осыларды білуге мүмкіндік береді. Ол оқырманды толғандыратын көптеген сұрақтарға жауаптар береді, мәселен: баладағы Мен-тұжырымдамасының дамуындағы кері байланыстар (ата-ана, педагогтардың бала дамуындағы тілектері), баланың өзін-өзі бағалауы мен оқу іс-әрекеті нәтижесінің өзара байланысы, баланың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі бағалауына оқытуды ұйымдастыру түрлерінің әсері, педагогтың Мен-тұжырымдамасы мен балалармен өзара әрекеттеріндегі өзін ұстауы арасындағы өзара байланыстар, педагогикалық процестегі балалардың өзін-өзі бағалауын жетілдіруге бағытталған педагогикалық жағдайлар мен шарттар. Себебі еңбекте тәрбиелеу-білім беру процесіндегі гуманизм сұрағының болашағы кеңінен ашылады. Р.Бернстің гуманистік бағытты ұстануы, қазіргі уақыттағы оқытудың гуманистік қадамдарын бекіте түседі. Өте ертеден-ақ ұлы ғұламалардың өз көзқарастарында гуманистік ойды ұстанғаны белгілі.

Автор балалар тәрбиесіндегі негізгі мәселе, ол білім алуға өзінің бар ерік-күшін жұмсап талпынған тұлғаның салауатты өзіндік санасының қалыптасуы деп есептейді.

Бұл еңбекте Мен-тұжырымдамасының қызметтері де қарастырылған. Осы бойынша бірінші қызметі, нақты жағдаяттарда индивид өзі қалай әрекет етеді соны анықтаса, екінші қызметі басқалардың әрекетін оның қалай көретінін анықтайды. Ал Мен-тұжырымдамасының үшінші қызметі индивидтің үмітін, алда не болатынын бағдарлауын көрсетеді. Шындығында, Мен-тұжырымдамасының қызметтері индивидтің қалыптасып дамуында да маңызды рөл атқарады, себебі адамның күнделікті сыртқы іс-әрекеттері ішкі әрекеттің бақылауымен жүргізіледі. Сондай-ақ адамның іс-әрекеті затқа ғана емес айналасындағы адамдарға да бағытталары сөзсіз. Бұл іс-әрекеттен күтілетін нәтижені ойдағысымен салыстыруға және алға қойған мақсатына жету үшін оны реттеп отыруына мүмкіндік береді. Демек, іс-әрекет адамның өмір жолын анықтайды. Бұл арада адамның өзіндік ұмтылысы мен талпынысының да рөлі бар. Өйткені ұмтылыс немесе талпыныс бұл адамның іс-әрекетті орындауға деген өз мүмкіндіктерін бағалай білуі.

Жеке тұлға — бұл белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, алдына қойған нақты мақсаты бар, өзіндік ой-пікірі, психологиялық ерекшеліктері бар қоғамның бір мүшесі. Тұлғаның күнделікті өміріне талдау жасау олардың неге талпынатынын, ол оған неге керек екенін, сонымен қатар оның бағыттылығын айқындауға көмектеседі: қажеттіліктері, қызығушылықтары, бейімділігі, сенімі, дүниетанымы, ұмтылысы. Біз бұл арада адамдағы бұрынғы «Мен» және жаңа «Мен» арасындағы күресті айтып отырмыз. Өйткені, біздің ойымызша әр адам өзіндегі ерекшеліктерді сезеді. Әр жас кезеңінде өзінің есейгенін, балалық кез кетіп, оның орнына жаңа қасиеттер пайда болғанын әркім-ақ пайымдайды.

Бұл еңбектің құндылығы, автордың тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал жасайтын барлық факторларға жіті мән беруінде деп ойлаймыз. Сондай маңызды факторлардың біріне ол педагогикалық процестегі (отбасындағы, білім беру ұйымдарындағы) үлкендер мен балалардың Мен-тұжырымдамасының тығыз байланыста болуын жатқызады, сондықтан осы процестің қатысушылары ең әуелі өзінің Мен-тұжырымдамасын және оның ерекшеліктерін түсінуі керек дейді. Әсіресе, отбасындағы өзара қатынастар түріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, келесі бір маңызды фактор ретінде педагогтың іс-әрекеті мәселесіне де маңызды орын береді. Ол да бекер емес деп ойлаймыз, себебі педагогикалық іс-әрекет — педагогтың тұлғаны тәрбиелеуші және оған білім беруші әрекеттерін көрсетеді. Педагогтың әрбір әрекеті тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіруіне негіз бола отырып, оның интеллектісін, жеке басын және іс-әрекетін дамытуға бағытталады.

Педагогикалық іс-әрекеттің адам іс-әрекетінің басқа түрлері тәрізді өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол ең әуелі, әрине оның мақсатқа бағыттылығы болмақ. Осы жағынан алсақ, автордың бұл мәселеге баса назар аударуы қарастырып отырған сұрақтың маңыздылығын нақтылай түседі. Ғалым

мұғалімнің кәсіби даярлығына ерекше мән береді, оның алдағы болатын түрлі жағдаяттарға даяр болуы керек деп баса көрсетеді [2; 7–24].

Сонымен, қандай болмасын тұлғаның қалыптасуында «Мен» жүйесінің орны ерекше. Практика көрсетіп отырғандай, әр адам күнделікті нақты бір ортада өзін-өзі тәрбиелеу арқылы «Мен» жүйесін дамытып, жетілдіріп отырады. Тұлғаның өзі туралы ойлары, әрине сенімді болады, өзі туралы қатынастары орнығады. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей тұлғаның өзі туралы пікірі, оның өз іс-әрекетін реттеудің маңызды тірегі болады. Әр адамда Мен-бейнесін қалыптастырудың нақты амалдары әр алуан болады. Адам өзін сипаттайды. Бұл орайдағы өзіндік сипаттау — бұл өзіне мінездеме беру әдісі, әр тұлғаның қайталанбас ерекше қасиеттерін көрсетуі. Бірақ адам өзін толық сипаттай ала ма? деген сұрақ туындайды. Сондықтан адамның өзі жайлы білімі ерікті, қарама-қайшылықты болуы мүмкін емес. Бұл Мен-концепциясының екінші құрамдас бөлігін көрсетеді, яғни «айнадағы мен» (басқалар мені қалай қабылдайды),

Оқыту және тәрбиелеу теориясында адам тұлға ретінде өз-өзін бағалайтын болмыс. Өзін-өзі бағалау — адамның өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі. Өзін бағалау адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімділігін дамытады. Өзін-өзі бағалау адамның айналасындағылармен қарым-қатынасын, өзіне сын көзбен қарауын және талап қоя білуін, жетістікке және сәтсіздікке қалай қарайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау адамның іс-әрекетінің тиімділігіне және оның тұлға ретінде дамуына әсер етеді. Өзін бағалау ең алдымен, адамға басқалардың беретін бағасына қарай қалыптасады. Адам өзін айналасындағылар қалай бағалайтынына қарай өзін-өзі бағалауға бейім келеді. Өзін-өзі бағалау тұлғаның өзіне ғана тән жеке құндылығы. Яғни өзіндік бағалау дегеніміз адамның өзін-өзі құрметтеу сезімінің дамуы, жеке құндылығын сезу және «Мен» сферасына қатыстының бәріне деген жағымды көзқарасы. Тұлға қалыптасуындағы өзіндік бағалаудың бірнеше себептерін көрсетуге болады: өзге адамдардың бағасы; өзгелермен өзін салыстыру; өзін және идеал «Менін» салыстыру; өз әрекетінің нәтижесін өлшеу. Өзін-өзі бағалау өз әрекетін бағалауда маңызды рөл атқарады, онсыз өмірде өзін анықтау мүмкін емес. Нақты бағалау адамға рухани қанағат пен адамгершілік қасиеттеріне қолдау көрсетеді.

Байқасаңыз адамның өмірлік жоспарының жүзеге асуы үшін оларда өзіндік бағалаудың сапалы болуы аса маңызды тәрізді және тұлғаның «Мен» жүйесінің қалыптасуы, әркімнің өзін осы ортаның бір белсенді мүшесі ретінде сезініп, өзінің орнын, мақсат, міндеттерін жете түсініп, өз бойында бұл үшін тиісті қасиеттерді қалыптастырып, қандай жағымсыз қасиеттерден арылғысы келетінін нақты анықтап, күнделікті іс-әрекетін ұйымдастыра білсе, жоғары жетістіктерге ие бола алатындай.

Өзін-өзі бағалау — өзіндік сана сезімдердің бірлігі, тұлғаның қасиеттеріне, сапасына деген қатынасы. Өзіндік бағалауға икемділік, орнықтылық, адекваттылық (жағымды, теріс) сияқты сипаттамалар тән болады. Өмірлік тәжірибелерде қалыптасқан «Мен» бейнесі әлемді, басқа адамдарды қабылдауға, оларды бағалауға әсер етіп, соның негізінде адам өзінің мінез-құлқын өзіндік бағалайды [3; 63–71]. Индивидтің өзін-өзі бағалауы өзінің орнын, маңыздылығын көрсетуге талпынысынан көрінеді.

Р.Бернс «Мен»-тұжырымдамасының құрылымын «шынайы мен» (мен қандай адаммын: өзінің сезімдері, ойлары, қажеттері, құндылықтары және т.б. жүйесі), «айнадағы мен» (басқалар мені қалай қабылдайды), «идеал мен» (мен қандай болғым келеді: оның тереңде жатқан сезімдері) деп үш жақта қарастырады. Тәрбиенің негізгі мақсатының өзі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Практикада көптеген авторлар Мен-тұжырымдамасын зерттеп-білуде осы құрылымға сүйенеді. Сонымен қатар, адам үшін басқаның пікірі, әрекеттері ол үшін өзі туралы ақпараттардың көзі болып табылатыны жиі айтылады. Бұл ұсынылған құрылым бойынша «шынайы меннің» мазмұны мен «идеал меннің» мазмұнында айтарлықтай айырмашылықтар болуы әбден мүмкін. Себебі, «идеал мен» әр адамның керемет өзі туралы болашаққа бағытталған ұмтылыстары мен ұшқыр армандарынан құралады, яғни олардың шындықтан алшақ болуы да мүмкін. Бұл турасында ғалымдардың ойлары әртүрлі, тоғыса қоймайды. Отандық ғалым-психолог Қ.Б. Жарықбаевтың адам мұраты туралы ойына зер салсақ, осы «идеал менді» сипаттап тұрғандай. Оның пайымдауынша, мұрат дегеніміз — адам тап қазір басшылыққа алатын және оның өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын анықтайтын образ. Бұл арадағы өзін-өзі тәрбиелеу жоспары дегені болашақты, алдағы ісін көрсетіп тұрған сияқты. Өткендегі мен бүгінгі жалпылау негізінде болашақты барлай білу адамға тән қасиет. Барлай білудің сипаты білім деңгейіне ғана байланысты емес, ол сонымен қатар жеке адамның бағдарына, оның көзқарастарына, мүддесі мен талғамына, жалпы тәрбиесіне байланысты болады.

Ол мұратқа деген қатынастың негізгі екі типі байқалады дейді: 1) көріп-таңдану және 2) құштарлана әрекет ету. Бірінші жағдайда адам мұратқа таң қалу және өзіне-өзі көңілі толумен шектеледі. Мұратты қол жетпес арман деп түсінеді де, ол өмірде: «Осы өміріне разы бол», «жанындағылардан асып қайда барасын» деген қағидаларды басшылыққа алады. Екінші жағдайда мұратқа таңдану адамның бойында өзін де сондай болуға талпындыратын зор күш туғызады. Мұрат өмірінің жоспары түрінде сипат алады. Ол жоспар әлгі адамның өзін-өзі жетілдіруге күш салуының нәтижесінде жүзеге асады. Мұрат дегеніміз — қашанда бағыт сілтеп отыратын жарық жұлдыз іспетті, алайда ол қашан да алыс және қол жетпес күйінде қалып отырады. Мұрат алға шақырады, ол өзіңмен істелетін жұмыстың программасы болып табылады. Сонымен бірге ешбір адам, белгілі бір кезеңде әбден жетілдім, толыстым деп есептей алмайды дейді [1; 78, 79].

Ал шет елдік ғалым Хорни шынайы Менмен идеал Меннің арасындағы алшақтық адамды қолы жетпейтін арманға жетелеп депрессияға әкеледі деп өзін-өзі идеал деп бағалау «Меннің» бұрмаланған бейнесін көрсетеді десе, Олпорт, Комбс, Соупер және т.б. көптеген авторлар идеал Мен индивидтің болашаққа бағытталған мақсатымен байланысты, адамның қоғамдық ортадағы орныққан мінез-құлық мәдениетінің нормаларын меңгеру талпынысымен байланыстырады. Бізде осы оймен және адам мұраты жайлы оймен келісер едік, себебі идеал Мен адамның болашаққа бағдарланған ішкі ойы, ниеті, өзінің мүмкіндіктеріне бағытталған жоспарлары тәрізді, сондықтан да ол егер адамның мақсаты айқын болса жүзеге асуы әбден мүмкін. Енді бір жағынан қарасаңыз ол адамға мотивация қызметін атқарып тұрғандай. Қазіргі психологияда мотивация түсінігі екі мағынада қолданылады:

1) адам қылықтарын анықтайтын факторлардың жүйесі ретінде (мақсаты, мотивтері, ниеті, толқуы және т.б.);

2) адамның қылықтарын белсендіретін және ынталандыратын үрдістің сипаты ретінде.

Демек, осы айтылғандарға сүйенсек, мотивация дегеніміз жеке тұлғаның оқыту және тәрбиелеу процесіндегі белсенділігін, қылықтарын анықтайтын факторлар жүйесі және мотивтердің құрылу, қалыптасу үрдісі болып табылады.

Ал адамның мотивациялық аймағының құрылымы тұлғаның әрекеттері мотивтерінің көп түрлілігімен сипатталатыны белгілі. Оларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыруға болады. Әлеуметтік мотивтер деңгейлері: Кең әлеуметтік мотивтер — парыз және жауапкершілік, еңбектің әлеуметтік маңыздылығын түсіну. Тар әлеуметтік мотивтер (узкие социальные мотивы) — қоршағандармен қатынаста нақты бір орын алуға, олардың қолдауын алуға талпыну. Әлеуметтік ынтымақтастық мотивтері (мотивы социального сотрудничества) — басқа адамдармен өзара әрекеттесуге әртүрлі тәсілдер қарастыру. Осы мотивтер адам өмірінде бірнеше қызметтерді де атқарады: ынталандырушы, бағыттаушы, реттеуші. Енді бір жағынан оның жүзеге асуы осы мотивтердің қасиетіне байланысты болып келетін сияқты, яғни олардың күші мен тұрақтылығы. Сонымен қатар, мотив күшімен іс-әрекеттің нәтижелі болуында келесі жайттарда айтарлықтай рөл атқарады, олар: іс-әрекеттің мақсатын, мәнін толықтай түсіну, дербестік, белсенділік, болжаушылық, адамның жалпы көңіл-күйі.

Демек, жеке тұлғаның мотивациялық аймағына талдау жасау, оның неменеге талпынатынын, ол оған неге керек екендігін және оның іс-әрекетінің мақсаттылығын анықтап білуге көмектеседі. Осы жерде мынадай орынды сұрақ туындайды: Қазіргі тұлға неге талпынады? Қазіргі тұлғаның қызығушылығы қандай? Қазіргі тұлға неменеге ұмтылады? Енді осыған талдау жасасаңыз, мотивтің жүзеге асуы мақсат қою үрдісіне байланысты тәрізді, яғни тұлғаның мақсат қоя білу іскерлігі және оған жету. Ал мақсат — бұл мотивтерді жүзеге асыратын тұлғаның әрекетінің соңғы нәтижесі.

Осыған сәйкес, мотивациялық аймақты зерттеу мәселелері туралы айту керек: 1) мотивтердің өзара байланыстылық мәселелері; 2) мотивтердің мәні, табиғаты, құрылымы; 3) мотивациялық бағдарлаудың өзара байланыс мәселелері; 4) мотивтердің дамуы мәселесі; 6) мотив түрлерінің критерийлері мен көрсеткіштер мәселесі; 7) тұлғаның мотивациялық аймағын диагностикалау мәселелері.

Тұлғаның мотивациялық аймағының қалыптасу жолы былай деп суреттеледі: қажеттіліктер — қажеттілікті қанағаттандыру шарттары мен факторлары: объективті факторлар, субъективті факторлар: білім, іскерліктер мен дағдылар, қабілеттілік, мінез — дүниеге көзқарасы — сенімі — бағыттылығы (темперамент, мінез, қызығушылық, талғам, т.б.) — мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары — бұл нәтижеге әкеледі [4; 5].

Біз бұл арада «шынайы мен» және «идеал мен» арасындағы мазмұндық байланыстар туралы айтып отырмыз. Айта кететіні, бұл өзін-өзі бағалаудың орнығуына да ықпал етеді.

Ал «шынайы мен» ол индивидтің өзін қабылдауы, өзі туралы ойлары, мүмкіндіктері, нақтырақ айтқанда оның келбеті. Бұл оның дүниетанымының, сенімінің, қызығушылығының, қажеттілігінің, мұратының сипатын да көрсетеді деп ойлаймыз. Осы компоненттердің кейбіріне қазіргі сөздіктерде, әдебиеттерде берілген анықтамаларына шолу жасасақ, олар адам жайлы көп ақпараттарды жеткізіп тұр [6]. Дүниетанымның мазмұндылығы мен ғылымилығы адамды білімінің байлығы мен тереңдігі жағынан сипаттайды; адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі; адамның қоршаған ортаға деген көзқарастарының жиынтығы, сонымен қатар осы көзқарастармен байланысты адамдардың өмірлік ұстанымдары, сенімі, іс-әрекеттегі қағидалары және құндылық бағалаулары (Краткий психологический словарь); адамның ортаға, табиғатқа, әлемге көзқарасы (педагогикалық сөздік).

Дүниетанымның, моральдық-саяси көзқарастардың негізінде адамның өзін-өзі тәрбиелеуінің негізгі мотиві және жоспары ретінде қызмет атқаратын адамгершілік мұраты қалыптасады. Адамгершілік мұратында айнадан көрінгендей, адамның сенімі, оның өмірлік позициясы бейнеленіп отырады. Жоғары адамгершілік мұраттың болуы адамның жоғары дәрежеде даму деңгейін көрсетеді, оның ниетінің түзулігін және іс-әрекеттегі мақсаттылығын танытады. Адамның толыққан мұраты, жан-жақты жетілген адам образының жиынтығы іспетті, ол басқаларға үлгі ретінде әсер етеді (адамгершілік тәрбие, білімділік, шеберлік, мұраты т.б.).

Адамның өз идеясын танып білуі оның бойында алуан түрлі сезім туғызады. Мұрат негізінен таңдану, толқу, сүйсіну сезімдерін туғызады, ал іскер адам сонымен қатар идеяға ұқсау үшін мейлінше күш салып бағады. Қызығу бұл: шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып-білуге бағытталған адамның біршама тұрақты жеке ерекшелігінің бір көрінісі; бұл бір нәрсеге көңіл білдіру, қарау, сонымен ол біздің ойымызды жаулайды (философский энциклопедический словарь); көңіл, ықылас білдіру (педагогикалық сөздік) [7, 8].

Сенім бұл — адамзаттың сан ғасырлық тарихында адамгершілік пен имандылықтың ұлы қозғаушы күші; адамның өмірде өзі ұстанатын принциптері мен мұраттарына терең әрі негізделген наным. Кім де кімнің идеялары өз сезімі мен еркімен тоғысып жатса, кім де кім өз принциптеріне кереғар келетін қылықтардан бойын аулақ ұстаса, сол адамның сенімі зор болып саналады.

Сенім болмысқа деген белсенді қатынас үстінде, білімге шын құмарта берілу барысында, өз міндеттеріне асқан жауапкершілікпен қараған жағдайда қалыптасады. Сенімі зор адам дегеніміз — өзінің көз қарастарымен ісін қорғап қала алатын, өз борышын өтеу жолында құрбандыққа бас тігуге әзір, жаны жайсаң, жігерлі адам. Нақ осындай адам айналасындағы жұрттың сый құрметіне бөленеді, нақ осындай адамдар қоғамдық прогрестің қозғаушы күші болып табылады.

Сонымен, оқыту және тәрбиелеу процесінде жеке адамның психикалық өмірінің құрылымы күрделі, сан қырлы және динамикалы болады екен. Оның барлық компоненттері өзара байланысты әрі біріне-бірі тәуелді. Жеке адамның дамуына байланысты оның құрылымында да өзгерістер болып жатады. Сонымен бірге әр бір жеке адамның құрылымы біршама тұрақты да. Онда жеке адамға тән қасиеттер жинақталған, соларға қарап өмірдің белгілі бір жағдайында адамның қандай келбет көрсететінін күні бұрын-ақ білуге болады. Сөйтіп, әр адам өзгеруші мен тұрақтының қосындысы болып табылады және тек осының арқасында ғана адам өзімен-өзі бола алады, жағдайға икемделе өмір сүреді.

### *Тұжырым*

Оқыту және тәрбиелеу теориясында «Мен»-тұжырымдамасының құрылымына және оның компоненттеріне жасалған теориялық-әдіснамалық талдаулар, оны тереңірек білуге мүмкіндік жасайды. Ағылшын ғалымы Р.Бернстің «Развитие Я-концепции и воспитание» еңбегіне жасалған теориялық-әдіснамалық талдау оның мәнін, маңызын және индивидтің өміріндегі рөлін түсінуде әртүрлі пікірлердің, көзқарастардың болатынын көрсетті.

Сонымен, өзінің не үшін жүргенін нақты білу, болашақтағы өз бейнесінің маңызын түсіну, атқаратын ісіне қызығушылықтың болуы, үнемі талпыну, жағымды мотивациясының болуы — «Мен»-тұжырымдамасының тиімді және нәтижелі қалыптасуы мен дамуының басты шарты болады деп топшылаймыз.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Жарықбаев Қ.Б. Психология: оқулық / Қ.Б. Жарықбаев. — Алматы, 1995. — 60–80 б.
- 2 Шульц Д.П. Қазіргі заман психологиясының тарихы: Ұлттық аударма бюросы / Д.П. Шульц, С.Э. Шульц. — Алматы, 2018.
- 3 Бернс Р. Развитие Я-концепции и воспитание / Р. Бернс; общ ред. В.Я. Пилиповского; пер. с англ. — М.: Прогресс, 1986. — 420 с.
- 4 Пірәлиев С. Таным және студент / С.Пірәлиев, Л.Керімов. — Алматы: Санат, 2007.
- 5 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность / А.Н. Леонтьев. — М., 1975. — С. 173–189.
- 6 Ильин Е.П. Мотивы и мотивация / Е.П. Ильин. — М., 2000. — С. 29–45.
- 7 Краткий психологический словарь / под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. — М., 1985. — С. 184–185.
- 8 Философский энциклопедический словарь. — М.: ИНФРА-М, 1999. — С. 183–271.

М.Е. Советханова, А.Ж. Едигенова

### Теоретический анализ структурных компонентов «Я»-концепции личности

В статье проведен теоретический анализ концепции «Я», систематизировано описание его структурных компонентов. Принимая во внимание структурные компоненты концепции «Я», рассмотрены особенности личности в психологии, а также общие человеческие, индивидуальные и личностные проблемы. Это связано с тем, что в современном автоматизированном, технически развитом и быстро развивающемся обществе проблемы личности становятся все более актуальными, и их значение возрастает день ото дня. Этим фактом обоснована необходимость более глубокого понимания и знания теоретических основ структурных компонентов понятия «Я». Кроме того, дан краткий обзор из различных источников изучения личности психологии ученых дальнего и ближнего зарубежья в современной литературе. Подробно проанализированы работы английского ученого Р. Бернса, который является автором концепции «Я». Такие компоненты, как интерес, потребность, мировоззрение, доверие, взгляды, намерение, стремление, выбор и другие, которые вытекают из концепции «Я», систематизированы и проанализированы в других компонентах человековедения. С целью более широкого рассмотрения структурных компонентов «Я»-концепции описаны и изучены определения этих понятий в психологических и философских словарях. Таким образом, в статье раскрыта важность концепции «Я» в формировании человека как личности.

*Ключевые слова:* «Я»-концепция, человек, личность, действие, структурные компоненты, развитие, теория.

M.E. Sovetkhanova, A.Zh. Edigenova

### Theoretical analysis of structural components «I» — concepts of personality

In this article, a theoretical analysis of the concept of «I» is carried out and a description of its structural components is systematized. Taking into account the structural components of the concept of «I», the personality features in psychology, general human, individual and personality problems are also considered. This is due to the fact that in a modern automated, technically developed and rapidly developing society, personality problems are becoming increasingly relevant, and their importance is increasing day by day. This indicates the need for a deeper understanding and knowledge of the theoretical foundations of the structural components of the concept of «I». A brief review is also given from various sources of studying the personality of the psychology of far and near abroad in modern literature. Particularly analyzed are the works of the English scientist R. Burns, who is the author of the concept of «I». Interest, necessity, worldview, trust, point of view, intention, desire, choice and other components that come out of the concept of «I» are systematized and analyzed in other components of human science. For the purpose of broader consideration of the structural components of the «I»-concept, the definitions of these concepts in psychological and philosophical dictionaries are described and analyzed. Thus, the article reveals the importance of the concept of «I» in the formation of a person as a person, and its multiple components are considered.

*Keywords:* «I»-concept, person, personality, action, structural components, development.

## References

- 1 Zharykbaev, K.B. (1995). *Psikholohiia [Psychologia]*. Almaty [in Kazakh].

- 2 Schultz, D.P., & Schultz, S.E. (2018). *Qazirgi zaman psikhologiiinin tarikki [History of modern psycholog]*. Almaty [in Kazakh].
- 3 Berns, R. (1986). *Razvitie Ya-kontseptsii i vospitanie [Self-concept development and education]*. (V.Ya.Pilipovskii Transl.). Moscow: Prohress [in Russian].
- 4 Piraliyev, S., Kerimov& , L. (Eds.). (2007). *Tanyam zhane student [Cognition and student]*. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 5 Leontev, A.N. (1975). *Deiatelnost. Soznanie. Lichnost [Activity. Consciousness. Personality]*. Moscow [in Russian].
- 6 Ilin, E.P. (2000). *Motivy i motivatsiia [Motives and motivation]*. Moscow [in Russian].
- 7 Petrovskii, A.V., & Yaroshevskii, M.G. (Eds.). (1985). *Kratkii psikhologicheskii slovar [Concise dictionary of psychology]*. Moscow [in Russian].
- 8 *Filosofskii entsiklopedicheskii slovar* (1999). [Encyclopedia of philosophy]. Moscow: Infra-M [in Russian].

Репозиторий Қарғу